

1 2011

394 27 к

# Тойшыбек Ишүлү



**Б**албөбектер,  
Балалар,  
Олашағым –  
Ақытыйм







## Тойшыбек Иіпұлы

# **АЛБӨТБЕКПЕР, БАЛАЛАР, ОЛАШАҒЫМ-ТАҚЫРЫМ!**



Алматы «Білім» 2011

УДК 821.512.122-93

ББК 84 Қаз-7

И 98

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті

“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”

бағдарламасы бойынша шығарылды

И 98 Иіпұлы Т.

Балбөбектер, балалар,

Болашағым - бақыттым! - Алматы: Білім, 2011. - 160 бет.

ISBN 9965-09-707-0

Белгілі қаламгер Тойшыбек Иіпұлының бұл жинағына ақынның  
балаларға арналған өлеңдері, қазақ елінің тарихында өшпес із  
қалдырыған ұлыларымыз туралы деректі әңгімелер мен автордың  
соңғы жылдары шығарған бір топ әндері енген.

Жинақ балаларға, ұстаздар мен ата-аналарға арналған.



УДК 821.512.122.-93

ББК 84 Қаз-7

ISBN 9965-09-707-0

© Иіпұлы.Т., 2011

© «Білім» баспасы, 2011



## **Бірінші бөлім**

*1-2-3-4 сынып оқушылағына*

*Әлділеген әфіппер*

## **Екінші бөлім**

*5-6-7-8 сынып оқушылағына*

*Ұлттық тұрмыс ерекшеліктегі*

*Даналағ мен дағалағ*

## **Үшінші бөлім**

*9-10-11 сынып оқушылағына*

*Паңдағайып табиғат*

*Өлеңдер мен әндер*



Үү

Аа Н Р


# Әлділеген ріптер

СС

І

ЕЕ

Б



# Әліппені жаттайық!!!

## Aa

Анаңды сыйла, анаңды,  
Анасыз күнің қаранғы.  
Анамен жерім дәүлетті,  
Анамен елім сәүлетті.  
Анамен өмір қуатты,  
Ардақта мәңгі бұл атты.



Абылай бабам – данышпан,  
Алаштың басын қосыпты.  
Ағайын келсе алыстан,  
Ақ Орда да тосыпты.

Абайым дана – асыл тас,  
Алып қой нүрлұ ақылы.  
Ағызды-ау, ел деп көзден жас,  
Ақындардың ақыны!!!

Атаның ұлы аталсан,  
Атақ та келер, табыс та,  
Адамның ұлы атансаң,  
Ар-намыс сонда намыс та!!!



## Әә

Әкенді сыйла – тілегің,  
Әкенді сыйла – тірегің.  
Әкелер – биік асқар тау,  
Әке деп соқсын жүргегің.

Әл – Фараби бабам да,  
Әділ жолды қорғаған.  
Әділетсіз заманда,  
Әлсіздерді қолдаған.

Әз Жәнібек бабамыз,  
Әділ де батыр хан болған.  
Әріден іздеп табамыз,  
Әuletті ел мен сан қорған.

Әлия, Мәншүк – шам-шырақ!  
Ән-жырға қосты өр халқы.  
Әсем гүл, көркем, бал-құрақ,  
Әлемге жетті ер данқы!

## Бб

Барлық халық аңсаған,  
Бейбіт күннің шуағын.  
Бал-бөбекпін ән салам,  
Бейбітшілік – ұраным.



Бейбарыс ұлы бабам, сұлтан болып,  
Билеген он сегіз жыл Мысыр елін.  
Басқыншы жасаса да қанша жорық,  
Бағы асып талайлардың үзген белін.

Бауыржан атам өжет, ер,  
Батыр да, басшы көреген.  
Бақытты қандай туған ел,  
Болаттай өткір ұл берген.

Бірлік түбі – береке,  
Бақ келіп қонды халқыма.  
Баянды бақыт, мереке,  
Бостандық таңы жарқыра!!!



## Гг

Гүлгүл жайнап жер, аспан,  
Гүрілдейді сай да, өзен.  
Гүлжазира жарасқан,  
Гүлдерімен қай кезең?

Гүл шырынын жияды,  
Гу-гу етіп аралар.  
Гүлсін жөндеп ұяны,  
Гүл тереді балалар.



# Ff

Ғалам заңын игерем,  
Ғарышқа ұшам тоқтамай.  
Ғылым-білім үйренем,  
Ғарышкер – Талғат, Тоқтардай.

Ғалым болып данышпан,  
Ғылым тыңын көтерем.  
Ғарышқа ұшып, Марстан  
Фасырымда гүл терем!

# Дд


Домбырам төрде ілінген,  
Досым ғой менің ұнатқан.  
Доп қусам да ініммен,  
Дыбысы кептес құлақтан.



# Ee


Еркіндік туы желбіреп,  
Егеменді ел болдық.  
Еркелеп қарап елжіреп,  
Еңсеміз биік ер болдық.

Егеменді елдің ұланы,  
Еңбек етсе ерінбей,  
Еңсесі биік тұрады,  
Елдіктің туы сөгілмей.



# Жж

Жалған сөзді айтпаймын,  
Жолдас, досты сатпаймын.  
Жаман ісін бетке айтып,  
Жақсылығын мақтаймын.



# Зз

Зерделі бала тоқыған,  
Зерігуден қашады.  
Зейінді бала оқыған,  
Зор іске қадам басады.



# Ии

Исатайдай батыр болам,  
Иса атамдай ақын болам.  
Иігілікке жақын болам,  
Игі істе батыл болам.



# Йй

Ыбырай, Айша, Наурызбай,  
Қарасай, Сайын, Бұхарбай,  
Ағыбай, Майқы, Әйтеке,  
Әбілхайыр, Олжабай.

# Кк

Көрпеге оранып,  
Көсліліп жатпаймын.  
Кітапты қолға алып,  
Көп өлең жаттаймын.

Көмектесіп әжеме,  
Күнде барам дүкенге,  
Көп тұруға төзе ме,  
Көмек берем үлкенге.

# Ққ

Қара Қыпшақ Қобыланды,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қошқарұлы Жәнібек,



Қаракерей Қабанбай,  
Қазақ елін қорғаған,  
Қас дүшпанинан аянбай!!

Қайыржан мініп ұшаққа,  
Қасиеттерін мақтайды.  
Қос қанатын бірақ та,  
Қарлығаштай қақпайды..



## Лл

Лашын ұшты аспанда  
Лыптылдан қағып қанатын.  
Лажы жок қой қашқанды  
Лақты іліп алатын.

## Мм

Мағжаным қазақ ұлы елін сүйген,  
Мысынан дүшпаниның беті күйген.  
Мыржақып, Ахметтей агаларын,  
Мадактап асыл сөзін ойға түйген.



Мәншүктің батырлығын берсін,  
Мұқағалидың акындығын берсін,  
Мұстафа Шоқайдың батылдығын  
Мұхтардың халқына жақындығын берсін!



## Нн

«Нан қиқымын жимаған,  
Нағыз надан – дейді атам.  
Нанды сақтап жинаған,  
Нағыз адам» – дейді апам.

## Ңң

Жаңғырық, мәңгілік,  
Еңбек, жеңбек,  
Еңіс, жеңіс,  
Еңлік, Тендік.

# Oo


Отбасымыз көңілді,  
Осы дұрыс қой жақынға.  
Отау құрып бөлінді,  
Оспан көкем жақында.



# Ee

Өз тілім – арым, ұттым,  
Өзегі тұнған намысқа.  
Өмірім, жырым, қуаттым  
Өрісім үшар алысқа.

Өрмекші кетіп барады,  
Өрмегін тоқып масаға.  
Өнермен жемін табады,  
Өрмелеп жүріп тасада.




# Pp

Пай-пай, тіпті сасқаннан,  
Пілдер қашты тышқаннан.  
Пана таппай жортады,  
Пәледен жаман қорқады.

# Pp

Рахым етсөң досыңа,  
Рахметін айтады.  
Рахат қонса қосыңа,  
Рауан таны атады.



# Cc

Сиырымыңың торпағы,  
Сырт етсе есік қорқады.  
Сабактан келсем сүт сұрап,  
Соңыма түсіп жортады.



# y y

Үәде берсөң орында,  
Уақытты өткізбей.  
Уақ істің жолында,  
Үәдесіз дегізбей.



# Tt

Төле би, Қазыбек би, Әйтке би,  
Татулықтың ордасын бірге тіккен.  
Төгілтіп алмас тілден жыр менен қүй  
Тарихтың қойнауынан бізге жеткен.



Г	Л	О	Б	С
---	---	---	---	---

# Y Y

Үстаздарым білікті,  
Үланымын айбатты.  
Үлы істерде жүректі,  
Үрпағымын қайратты.

Үстарасын атамыңың,  
Үстамаймын бермесе.  
Үста ағамыңың балғасы,  
Үшқын шашар сермесе.

Үялшақ болма, достарым,  
Үтады сені сыр алған...  
Үтымды сөйле, үқ бәрін,  
Үлы істер күтіп тұр алдан.



## Шш

Шаштаразға бардым да,  
Шаш алдырдым қорықпай.  
Шар айнаның алдында,  
Шыр айналдым борықтай.



## Іі

Ізет – әдептілік,  
Інжу – әсемділік.  
Іждинат – зейінділік,  
Ілтипат – көнілділік.

Іргелі елде ұл болсаң,  
Ізетті болу – құрметің.  
Ірі істерді қолға алсаң,  
Іскер болу – міндетің.

## Үү Ҽ

Үздік оқып сабақты,  
Үлгілі болу лайық.  
Үлес қосып жан-жақты,  
Үйірмелер күрайық.



## Ыы

Ырысты еңбек етеді,  
Ыңтасыз кері кетеді.  
Ықпалды төрге жетеді,  
Ыңжықтық жалқау етеді.

Ырыс – еңбек,  
Ысырап – ермек.  
Ықылас – бермек,  
Ықтият – өнбек.



# *Егемен елдің толғауы*

Әлем танып елімді,  
Ұлан-байтақ жерімді.  
Егеменді ел болдық,  
Шалқып көніл сел болдық.  
Атайдынға шашылған  
Асқар таудай бел болдық.  
Кек байрағым желбіреп,  
Жүрек тулас, елжіреп,  
Еңсесі биік елдермен  
Тереземіз тең болдық.  
Азаттық осы емес пе!!  
Ұмыт болған бабалар,  
Құдіретті даналар,  
Ел бастаған көсемдер,  
Сөз тастаған шешендер,  
Қол жинаған батырлар,  
Ұлы жырау, ақындар,  
Тендік үшін бел шешіп,  
Ауырды не бір еңсеріп,  
Еркіндік үшін егесіп,  
Бостандық үшін белдесіп,  
Азаттық үшін алышып,  
Білектері қарысып,  
Арманымен жарысып,  
Оралып халқым ортана,  
Жатыр ғой мәнгі табысып.  
Бостандық осы емес пе!?

Шұбарланған тіліміз,  
Қадірі кеткен дініміз,  
Бұлтқа батқан Күніміз  
Шықпай қалған үніміз,  
Жабырқаған айымыз,  
Осындай болған жайымыз.



Бүгін, міне, жарқырап,  
Аққан судай сарқырап,  
Қыран құстай саңқылдаپ,  
Ақ алмастай жарқылдаپ,  
Қолыңа алдың тізгінді.  
Ардақта, сыйла бұл құнді.  
Еркіндік осы емес пе!?  
Қасиетті елім бар,  
Ұлан-байтақ жерім бар,  
Айдын да шалқар көлім бар,  
Асқар да асқар белім бар,  
Қазына байлық кенім бар,  
Қызыңдық қысып тұрса да,  
Болашаққа сенім бар.  
Байлығың осы емес пе!?

Анқау да, адап пендеңіз,  
Тірлікте талай өлгенбіз.  
Не қызыңдық түссе де  
Қасқып тұрып женгенбіз.  
Сүйінші халқым, сүйінші!  
Егемендік белгісі,  
Шықты ғой асыл тенгеміз!  
Бақ қонған осы емес пе!?

Уа, ағайын, туысқан,  
Пайда болмас тұрыстан.  
Басыңды қотер, белің жаз,  
Бодандықтан құрысқан,  
Өзгелерге жем болар  
Өз үйінде ұрысқан.

Тар жолдан аман шығады  
Бірін – бірі үғысқан.  
Әмірдің мәні тірлікте,  
Тірліктің сәні бірлікте.  
Кетеді алға әр халық,  
Еңбек етіп тырысқан.  
Азаттық — Тендік – Бостандық,  
Шықпайды сонда уыстан.  
Ұл өсірсөң өрімдей:  
Ар намысың төгілмей:  
Қыз өсірсөң керімдей,  
Қабырганың сөгілмей.  
Ұлыңыз болса ұлықты,  
Қызыңыз болса қылықты,  
Жарыңыз болса үзікті,  
Тұғаның болса тұзікті,  
Сақтасаң салтты дінінді  
Ардақтасаң тілінді,  
Дос тұғанды сыйласаң,  
Жамандыққа қимасаң,  
Ізгілікті ұмытпай,  
Ақ көнілді сұытпай,  
Әз-әзілді жуытпай,  
Жен-жосықсыз керілмей,  
Жалқаулыққа берілмей,  
Еңбек етсөң ерінбей,  
Халқыма сонда бақ қонар.  
Аялы болып азаттық,  
Баянды болып бостандық,  
Еңселі болып еркіндік,  
Ұл-қызыға бақыт, тақ қонар.  
Қыдыр бабам жәбелеп,  
Сүйенішің Хақ болар.

# Бабалар сені қорғасын!

Оқысаң сезін дананың,  
От болып, лаулап жанарың,  
Құпия сырын білерсің  
Асқақ ой, сезім, сананың.  
Халқыңың ұлы боларсың,  
Биікке небір қонарсың,  
Куаныш кернеп жүректі,  
Шапағат, нұрға толарсың.  
Ізгілік, шындық серік боп,  
Даналар сені қолдасын.  
Татулық достық, берік боп,  
Бабалар сені қорғасын.

Бұлттар, бұлттар жауындар,  
Екпіндегі дауылдар,  
Жарқыраңдар жасындар,  
Мұхит тулас тасындар.  
Жерге бұқсын масылдар.  
Дауыл бұлттан қорықпай,  
Кіп-кішкентай Қасымдар,  
Алға қадам басындар!



## КӨКТЕМДЕ

Көктем келді, күн ашық,  
Шықты қаулап қызгалдақ.  
Гүл-гүл жайнап қыр асып,  
Шақырады қол бұлғап.  
Шықтық қырға жиналып,  
Ән шырқадық, биледік.  
Қызғаддақты сыйладық,  
Біріне де тимедік.

## КЕМПІРҚОСАҚ

Көктегі алаулаған кемпіркосақ,  
Аспан мен жерді қосқан көпірге ұқсан.  
Алуан түрлі құлпырып көз тартады  
Шіркін-ай, көрер ме еді қолмен ұстан.

## КОРҚАҚ ЖОЛБАРЫС

Жолбарыстың тұрағы  
Жыңғыл-жыңғыл ну еді.  
Жымпиып қос құлағы,  
Жасынан әkkі, ку еді.  
Бұрқырап жолдың шандары,  
Жауына талай атылған.  
Маңайдың барлық андары  
Қорқатын осы батырдан.  
Жолында бір күн асуда,  
Жыланға «батыр» жолықты.  
Жайына қалып ашу да,  
Жақындауға қорықты.

## ҚУ ТҮЛКІ

Аңға шығып бір күні,  
Итім қуып түлкіні,  
Кездескенде жекпе-жек,  
Аямай-ақ сілкіді.  
Білген сон енді жайды анық,  
Жүрген ғой алда сайланып.  
Қашты қырдың түлкісі,  
Өзен бойын айналып.  
Түлкіден құлық өткен бе,  
Екпіндең итім жеткен де,  
Қарғып шықты бір кезде  
Тақтайдан салған өткелге.  
Осы бір сасқан кезең де,  
Сәтсіз бе, сәтті кезең бе,  
Жалт етті құйрық, Ақжолым,  
Күмп етті күміс өзенге.



# ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ

## Наурыз

Наурыз айы — көктем айы жылдың басы,  
Шай қайнап бұрқыраған тойдың асы.  
Құттықтап бірін-бірі ізгі жандар,  
Бусанып жалтырайды таудың тасы.

## Сәуір

Сәуір де қайталанбас айдың бірі,  
Аспанда сыңғырлайды құстар үні.  
Қайың тал бүршік жарып, бұлбұл сайрап.  
Сарқырап су агады күндіз-түні.

## Мамыр

Мамырда бар табиғат гүлге оранып,  
Өлең-жыр көмекейлеп тілге оралып,  
Алтын күн нұрын төксө бар әлемге,  
Қол бұлғап шақырады, гүл таранып



## Маусым

Маусымда жайран қағып бал-бөбектер,  
Бас иіп сыйырлайды тал-теректер,  
Қырға шықсаң қырмызы гүл теруге,  
Самал жел беттен сүйіп ол да өбектер

## Шілде

Шілдеде өрік, шие, жидек пісіп,  
Жимасаң, шашылады жерге түсіп.  
Бас қосып еңбек етіп, жеткіншектер  
Ойнайды рахаттанып, суға түсіп.



## Тамыз

Тамызда шашу шашып Күн өрнегі,  
Бар жанға ғажайып күш жігер берді.  
Ду еңбек көңіл-күйін тасқыннатқан,  
Құдіретін табиғаттың білер ме еді?

## Қыркүйек

Қыркүйек білім күні, ғылым күні,  
Мектепте сыңғырлайды сәби үні.  
Құттықтап бірін-бірі ата-аналар,  
Қолында бөбектердің шоқ-шоқ гүлі.

## Қазан

Қазанда аяқтайды егіп жиып,  
Үйілген ток басында таудай биік.  
Бырысын халқымыздың сақтаймыз біз,  
Бір жеңнен қол шығарсақ, сүттей ұбып.



## Қараша


Қараша бірде жаңбыр, бірде қарлы,  
Асаяу жел арындайды соғып жарды.  
Пыскырып жылқы жатыр жел өтінде,  
Боратып төрт тұяқпен ақша қарды.

## Желтоқсан

Желтоқсан, аппақ дала, ашық аспан,  
Аппақ түн. Қар борайды шашу шашқан.  
Аққала бал-бөбектер өзі салып,  
Ақ бетін аяз сүйіп көңіл тасқан

## Қантар

Қантарда Аяз ата — жұрт қонағы,  
Әр үйге батасынан құт қонады.  
Сәбиге дорбасынан сый таратса,  
Көнілге шаттық кернеп, жыр толады.



## Ақпан


Ақпандың жел үрлейді дала қарды,  
Еңбекте мұқитиятты іскер — арлы,  
Әр шопан, әр бақташы ыждиhattы,  
Шашпайды жиған шөбін, қолда барды.

# ҰЛТТЫҚ ТҮРМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ



## ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР

Алқа, сырға, білезік, кесте, балдак,  
Алтын тақ, шолпы шашақ, кісе табақ,  
Ақ сұңғі, алтын қоза, сақина, ожау,  
Айбалта, адалбақан, құты, садақ.



## ҚАЙЫС БҰЙЫМДАР

Бауырлық, жүген, буғаш, айыл, ноқта,  
Баулық, бау, қамшы, тізгін, божы, тартпа,  
Бас мойын, қарғы, көрік, оқпан, бишик  
Бұлдірге, белдік, оймақ, өрме, ноқта.



## МУЗЫКА АСПАПТАРЫ

Домбыра, қобыз, шертер, қамыс сырнай,  
Даңғыра, жетіген мен мүйіз сырнай,  
Үскірік, дабыл, көрней, сыйызығы, ұран  
Дыбысқа бай, үнге бай: дау жоқ, оған.

## КИІЗ ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ

Киіз үйді көрмедің бе жайлауда?  
Кілем керген, сырмак, сандық, шар айна,  
Көрпе, жастық, шымылдық, пен төс ағаш,  
Кебеже, шам, аттарын біл қалай да!

